

# БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Бүгінде әлем қарқынды өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Цифрландыру - тек технологиялық тренд қана емес, ол қоғамның барлық саласын, соның ішінде білім беруді де түбегейлі өзгертетін күшке айналды. Осы үдерістің алдыңғы қатарында тұрған басты құрал - жасанды интеллект (ЖИ).



Жасанды интеллект – енді фантастика емес. Ол күнделікті өмірімізге еніп, оқушылар мен студенттердің білім алу тәсілін өзгертіп жатыр. Бұрын оқулық пен мұғалім басты рөл атқарса, бүгінде интеллектуалды жүйелер оқыту процесінің ажырамас бөлігіне айналды.

ЖИ-дің ең үлкен артықшылығы – әрбір білім алушыға жеке көзқарас ұсына алуы. Әр студенттің қабілеті әртүрлі екені белгілі. Біреуі материалды тез меңгерсе, енді бірі қосымша түсіндіруді қажет етеді. Міне, дәл осы жерде жасанды интеллект көмегі зор: ол білім алушының деңгейін анықтап, оған лайық тапсырмалар мен оқу траекториясын ұсынады.

Қазақстанда да бұл бағытта нақты қадамдар жасалуда. Соның жарқын

мысалы – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті. Бұл оқу орны заманауи технологияларды енгізу арқылы білім беру сапасын арттыруға ұмтылып келеді. Университет қабырғасында цифрлық платформалар кеңінен қолданылып, студенттердің оқу белсенділігі мен нәтижелері талданады.

Ш.Есенов университетінде ЖИ тек теория ретінде ғана емес, тәжірибеде де қолданылады. Студенттер деректерді талдау, бағдарламалау, машиналық оқыту сияқты бағыттарда білім алып, болашақтың маманы ретінде қалыптасуда. Бұл – елдің интеллектуалдық әлеуетін арттыру жолындағы маңызды қадам.

Алайда кез келген жаңашылдықтың екі жағы бар. Жасанды интеллект білім

беру жүйесіне жаңа мүмкіндіктермен қатар, бірқатар мәселелерді де алып келеді. Мысалы, академиялық адалдық мәселесі де өзекті. Студенттердің дайын жауаптарды қолдануы, шығармашылық жұмысты автоматтандыруы білім сапасына кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар деректер қауіпсіздігі мен жеке ақпаратты қорғау мәселелері де назардан тыс қалмауы тиіс.

Дегенмен бұл қиындықтар ЖИ-ден бас тартуға себеп емес. Керісінше, оны тиімді әрі жауапкершілікпен қолданудың жолдарын іздеу қажет. Мұғалімнің рөлі де өзгереді: ол енді тек ақпарат жеткізуші емес, бағыт беруші, кеңесші, тәлімгерге айналады.

Бүгінгі таңда бір нәрсе анық: жасанды интеллект – білім берудің болашағы. Оны дұрыс пайдалана білген елдер ғана жаһандық бәсекеде алға шығады. Қазақстан үшін де бұл – үлкен мүмкіндік. Ал Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті сияқты оқу орындары осы жолда көш бастап келеді.

Жасанды интеллект – тек технология емес, ол – жаңа ойлау жүйесі. Ендеше, біз осы өзгерістерге дайынбыз ба?

**Жансауле ЖАРМАХАНОВА,**  
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті, халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, PhD.

## «ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫНА» МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАПСЫРУ НАУҚАНЫ

Маңғыстау облысының ақпарат және қоғамдық даму басқармасы ақпараттық жүйелердің техникалық үйлеспеушілігі және жүйе жұмысында анықталған қателер туралы тиісті акт негізінде «ҮЕҰ дерекқорына» мәліметтерді қабылдау мерзімі 2026 жылғы 15 мамырға дейін ұзартылғанын хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар жыл сайын 31 наурызға дейін өз қызметі туралы мәліметтерді «ҮЕҰ дерекқорына» ұсынуға міндетті.

Алайда Eser.govtec.kz платформасында ақпараттық жүйелердің үйлеспеушілігіне байланысты туындаған техникалық мәселелер салдарынан «ҮЕҰ дерекқорына» мәліметтерді қабылдау үзілістермен жүзеге асырылды.

Мәліметтер Eser.govtec.kz/про цифрлық платформасы арқылы қабылданады және белгіленген қағидаларға сәйкес ұсынылады.

Мәліметтерді ұсыну немесе уақытылы әрі дұрыс ұсынбау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соғады.

Сұрақтар пайда болған жағдайда облыстың қала, аудандарындағы ішкі саясат бөлімдерінің, сондай-ақ ҚР МAM және «Цифрлық үкіметті қолдау орталығы» ШЖК РМК-ның қызметкерлерімен келесі мәліметтер арқылы байланыса аласыз:

ҚР МAM Азаматтық қоғам істері комитеті, тел: 74-04-28, 74-04-20.

Техникалық қолдау «ЦҮКО» ШЖК РМК - center@govtec.kz.

## «Бузачи нефть» ЖШС қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр

Жобаның атауы	Теңіз Қаратұрын кен орнын игеру жобасы
Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт және орны	2026 жылғы 8 маусым сағат 15:00-де мына мекенжай бойынша: Маңғыстау облысы, Шебір ауылы, мәдениет үйі ғимаратында өтеді. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: SE 45022'50.3778» 52007'17.57094».
Атауы және байланыс нөмірі Тапсырыс берушінің деректері	«Бузачи нефть» ЖШС, Ақтау қ., 13-ш/а, 32 «В» ғимарат, тел. 8 (7292) 290-211; БСН: 0931240001487 Эколог: Кунсулу Тажмуратова, телефон 8777599-6014.
Өзіндік атауы және байланыс деректері	«О.С. Герштанский атындағы МұнайгазФЗЖИ» АҚ, 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 8-ш/а, 38 «А» үй. Телефоны: 8 (7292) 600-208 (ішкі нөмірі 207). Эл. поштасы: z Amir.murtaliev@nipi.kz
Интернеттегі байланыс сілтемесі:	Конференция Zoom арқылы қосылады: <a href="https://us06web.zoom.us/j/82999520892?pwd=zP1n3RczxPla1wDXibGlvzF18XAn2.1">https://us06web.zoom.us/j/82999520892?pwd=zP1n3RczxPla1wDXibGlvzF18XAn2.1</a> Конференция идентификаторы: 829 9952 0892 кіру коды: 241213
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы	<a href="https://ndbecology.gov.kz/">https://ndbecology.gov.kz/</a>
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері	«Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жобаларды экологиялық сараптау бөлімі бас маман Сабина Базарбай, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.8(7292) 43-10-88; ұялы тел.+7 (778) 113-9897

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жаңаөзен қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қалалық әкімшілігінің Кендірлі қаласының бас жоспары. Түзету» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 25 мамыр күні сағат 11:00-де Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Сәтбаев көшесі, 1 «Г» мекенжайында орналасқан Оқушылар шығармашылық үйінде өтеді.

**Жобаға тапсырыс беруші:** «Жаңаөзен қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, байланыс телефоны: +7 (72934) 7-50-26, электрондық пошта: zher.arkh.zhanaozen@mangystau.gov.kz.

**Жобаны әзірлеуші:** «Градкомплекс» ЖШС, байланыс телефоны: 8 (727) 241-11-02, электрондық пошта: gradcomplex@mail.ru.

«Жаңаөзен қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қалалық әкімшілігінің Кендірлі қаласын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы». жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 25 мамыр күні сағат 14:30-де Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Сәтбаев көшесі, 1 «Г» мекенжайында орналасқан Оқушылар шығармашылық үйінде өтеді.

**Жобаға тапсырыс беруші:** «Жаңаөзен қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, байланыс телефоны: +7 (72934) 7-50-26, электрондық пошта: zher.arkh.zhanaozen@mangystau.gov.kz.

**Жобаны әзірлеуші:** «Градкомплекс» ЖШС, байланыс телефоны: 8 (727) 241-11-02, электрондық пошта: gradcomplex@mail.ru.

## «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ЖОБА БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ:

Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаламқас кен орнының объектілерінде орналасқан ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға арналған жұмыс жобаларына.

**Объектілердің атауы:**

- «Қаламқас к/о ЕТБ-2 ЦКППН қайта құру»
- «Қаламқас к/о АЗС №3 и БАЗС №5 қайта құру»
- «Қаламқас к/о тығыздаушы ұңғымаларды жайластыру XXII кезегі» бөлімді түзету.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°20'28" с. ш. 51°54'08" в. д.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу аумағы, күні, уақыты және орны: 2026 жылғы, 17 маусымда сағат 15.00-де Шетпе кентінің мәдениет үйінде.

Microsoft Teams онлайн платформасында өтеді:

<https://teams.microsoft.com/join/44351492149191?p=REARkTKh17dJhA1TN>

Конференция идентификаторы: 44351492149191 құпия коды: PF6YK7IZ

Тұтынушы: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ; ӨБ «Қаламқасмұнайгаз», БСН: 990140000483, Ақтау Қ., 6 ш / а, 1 ғимарат, тел.: 8 /7292/ 212-226.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>.

**Жобаның әзірлеушісі:** «СтройРекламПроект» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Күрделі құрылыс департаменті; Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста.

**Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі:** a.zhararova@mng.kz, тел: 212-226

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН ТЕЛЕФОН: 20-48-42



## «МАҢҒЫСТАУ» газетіне жазылу

Заңды тұлғаларға жарты жылға  
Редакция арқылы 8185,00 теңге  
Қазпошта арқылы 12940,98 теңге  
Индекс 15492

Жеке тұлғаларға жарты жылға  
Редакция арқылы 4092,5 теңге  
Қазпошта арқылы 6473,76 теңге  
Индекс 65492

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЫНЫСЫ – «МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНДЕ!